

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 581 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына және "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2004 жылғы 11 наурыздағы "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына шығарған шешімін орындау үшін 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 11458736 (он бір миллион төрт жүз елу сегіз мың жеті жүз отыз алты) теңге, оның ішінде негізгі борыш сомасын өтеу үшін 11124986 (он бір миллион бір жүз жиырма төрт мың тоғыз жүз сексен алты) теңге және мемлекеттік бажды қайтару үшін 333750 (үш жүз отыз үш мың жеті жүз елу) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*